«Бекітемін»
«Атасу жалпы білім беретін мектеб» КММ
Директоры м.а М.С.Бердибекова_____
«____» _____2026 ж

«Атасу жалпы білім беретін мектебі» КММ-нің
«АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ БОЙЫНША
2026-2027 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ЖЫЛДЫҚ
ЖОСПАРЫ

Мақсаты:
Құндылықтар негізінде азаматтық жауапкершілігі мен патриотизмі, парасаттылығы мен адалдығы, ар-ұжданы мен рухани-адамгершілік қасиеттері қалыптасқан озық ойлы тұлға қалыптастыру
Міндеттер:

1. **Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту**
   - ✓ Отан тарихы мен мәдени мұрасын тану арқылы елжандылық сезімін қалыптастыру;
   - ✓ қоғамдық өмірге белсенді араласу дағдыларын жетілдіру;
   - ✓ құндылықтарды дәріптеу.
2. **Парасаттылық пен адалдықты бойға сіңіру**
   - ✓ әдептілік, әділдік, ашықтық қағидаларын тәжірибеде қолдану;
   - ✓ сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру;
   - ✓ жауапкершілікті шешім қабылдауға баулу.
3. **Ар-ұждан мен рухани-адамгершілікті тәрбиелеу**
   - ✓ қоғамға қызмет ету және қайырымдылыққа баулу;
   - ✓ ізгілік, сыйластық, мейірімділік құндылықтарын өмір салтына енгізу;
   - ✓ рухани мұра мен дәстүрді құрметтеу арқылы тұлғалық үйлесімділікті дамыту.
4. **Озық ойлы, заманауи тұлға қалыптастыру**
   - ✓ сыни тұрғыдан ойлау және шығармашылық қабілеттерін дамыту;
   - ✓ цифрлық сауаттылық пен өмір бойы білім алуға бейімдеу.

Күтілетін нәтиже:

- ✓ Қазақстандық мәдени құндылықтарды терең меңгерген, азаматтық жауапкершілігі мен елжандылық қасиеті жоғары тұлға қалыптасады;
- ✓ әдептілік, әділдік, ашықтық ұстанымдарын өмірлік қағида еткен, адалдық пен парасаттылықты бойына сіңірген жас ұрпақ тәрбиеленеді;
- ✓ қоғамға қызмет етуге, қайырымдылық жасауға құлшынысы бар, ізгілік пен мейірімділікті өмір салтына айналдырған, рухани дәстүрлерді құрметтейтін үйлесімді тұлға қалыптасады;
- ✓ сыни тұрғыдан ойлайтын, шығармашылық әлеуеті дамыған, цифрлық сауатты, өмір бойы білім алуға дайын, заманауи көзқарастағы озық ойлы жас ұрпақ тәрбиеленеді.

ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНА АРНАЛҒАН ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ ЖОСПАРЫ

Қыркүйек - ЕҢБЕККОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ

1 қыркүйек – Білім күні
5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні
Қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні
Қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс-шаралар тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1	**«Қазақстан Республикасының Конституциясы: Адал азамат, зерделі ұлт және жауапты қоғам қалыптастырудың негізі»** салтанатты жиын	Бейнеролик ,ақпарат	ТІЖО С.Ж.Тусупбаева М.К.Ахметова 11 сынып жетекшісі	01.09.2026
2	«Таза Қазақстан: Конституция құндылықтары – экологиялық мәдениет пен жауапкершіліктің негізі» сынып сағаты ***Қауіпсіздік сабағы (10 минут)***	Ақпарат	Сынып жетекшілер	01.09.26.
3	**Қазақстан халқы тілдері күні** **«Балалар кітапханасы» жобасы** «Мен жазда оқыған ең қызықты кітап» шығарма «Тіл - ұлттың жаны, кітап-білімнің шамы» танымдық іс-шара мәнерлеп оқу байқауы «Тілім менің-тұғырым! » тілдер онкүндігінің іс-шарасы «Ғажайып алаң: Құндылықтар білгірі!» зияткерлік ойын «Play and Think» сыныптан тыс тәрбиелік шара	Әзірлеме, ақпарат, қатысушылар мониторингі әлеуметтік желіге жариялау	Тілдер бірлестігі Б.Сатбергенова Б.М.Исламбекова кітапханашы Қ.Қ.Сеитова Д.Т.Балташева Ағылшын тілі пәні мұғалімі	07.09-18.09.26. Қыркүйек-қазан
4	**«12 айда-12 кітап» жобасы** (ай сайын көркем шығармаларды оқып, талқылауды, әдеби кездесулер, оқырмандар конференцияларын және шығармашылық жобаларды өткізу)	Әзірлеме, ақпарат, қатысушылар мониторингі әлеуметтік желіге жариялау	Р.Т. Мұқанова Б.М. Исламбекова	жыл бойы
5	**Алдын алу шаралары.**			08.09.26.

	1. «Бала тәрбиесі – ортақ міндет: заң, тәртіп, құндылық , қауіпсіздік және жауапкершілік» тақырыбында жалпы ата-ана жиналысы **2.«Инабат», «Жігер» ұйымдарының жиналысы.** **3«Бала тәрбиесі – ортақ міндет: заң, тәртіп, құндылық , қауіпсіздік және жауапкершілік»** тақырыбында сынып ата-аналар жиналысы./Мүдделі органдармен бірлескен жиналыс/ 4.**«Адал азамат тәрбиелеудегі жауапты ата-ана, қолдаушы ұстаз және қауіпсіз мектеп»** сынып ата-аналар комитетінің отырысы	Жоспар, хаттама Хаттама	ДТІЖО С.Ж.Тусупбаева Сынып жетекшілер ДТІЖО С.Ж.Тусупбаева Д.Т.Балташева Ж.Ж.Сембин Сынып жетекшілер.	Қыркүйек 14-25.09.26.
6	**Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмыс жоспарын бекіту.**	Ақпарат, әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшілер. ДТЖО С.Ж.Тусупбаева.	07.09.26.
7	**«Отбасы –бақыт мекені » апталығын өткізу** **«Отбасындағы сыйластық –бақыттың бастауы »** сынып сағаты **«Отбасы –тәрбиенің алтын бесігі мекені » челлендж** **«Отбасы –бақыт мекені »** сынып сағаты	Қорытынды, әлеуметтік желіге жариялау	А.Е.Райымбекова әлеуметтік педагог 2-10 сынып жетекшілер. Ата- аналар ұйымы.	7-14.09.26.
8	**«ДосболLIKE» жобасының мектепішілік жоспарын бекіту.** «Құқық бұзушылықтарға қарсы күрес» бойынша ақпараттық-танымдық жұмыс жүргізу, инфографика мен бейнероликтерді тарату: - жолда және қоғамдық орындарда қауіпсіздік ережелерін сақтау; - нашақорлық пен психотроптық заттарды қолдану және таратуға қатысты жауапкершілік туралы кейстерді талдау, закладчиктер мәселесі; - бопсалау, ұрлық және бұзақылықты алдын алу бойынша кейстерді талдау; - интернет пен әлеуметтік желілердегі буллинг пен кибербуллингтің алдын алу; - отбасылық зорлық-зомбылық пен вандализмді болдырмау мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстары	Ақпарат, әлеуметтік желіге жариялау	ДТЖО С.Ж.Тусупбаева. БӘД жетекшісі Б.М.Смаханов Педагог-психолог Н.Ғ.Ахмедина	7.09.26. жыл бойы

9.	**Еңбек күні** **«Еңбегі адал жас өрен» жобасы** ✓ **«Еңбек адамды көркейтеді»** жұмысшы мамандық иелерімен кездесу ✓ «Мамандығым-мақтанышым» подкаст «Мансап компасы» платформасында кәсіби бағдарлау жұмыстарын ұйымдастыру **«Жасыл мектеп» пилоттық жобасы**	Ақпарат, әлеуметтік желіге жариялау.	А.Ж.Аяшова	25.09.26.
10.	«Жасыл мектеп – таза болашақ кепілі» сынып сағаты ***Қауіпсіздік сабағы (10 минут)*** «Эко – білім» челлендж «Жасыл сынып» «Бір күн – бір жақсы экологиялық әдет» акция **«Түлектердің ағаш егуі» э**ко челленджін өткізу	Ақпарат, әлеуметтік желіге жариялау	Қ.Амзина Биолог маманы. Сынып жетекшілері. М.К. Ахметова. 11 сынып	Қыркүйек
11	«Буллингтен қорған» сынып сағаты	жоспар	Сынып жетекшілер	3-4 апта
12	«Еңбек етсең емерсің» сынып сағаты	Қорытынды, әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшілер	21.09.26.
13	**«Назар аударыңыз ,балалар!»** науқаны.Жоспарын бекіту.	анықтама	ДТЖО С.Ж.Тусупбаева.	Қыркүйек-қазан. 28.09-2.10
14.	Қазақстан Республикасының Республика күніне арналған **«Виртуалды көрме»** республикалық челленджі *21 қыркүйек –25 қазан аралығы*	Қорытынды, әлеуметтік желіге жариялау	ДТЖО С.Ж.Тусупбаева. А.А.Альжанова Д.Т.Балташева А.Қ.Тажкеева	21.9-25.1026
Қазан – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ				
1 қазан – Халықаралық карттар күні **5 қазан** – Мұғалімдер күні **24 қазан** – Кітапханашылар күні **25 қазан** – Республика күні				
1	**Қамқор жобасы** **«Қоғамға қызмет ету**» акциясы. **(Қарт ата-аналармен кездесу**.)	Әзірлеме. Ақпарат	А. Альжанова	

	«Қариясы бар ел -қазыналы ел» дөңгелек үстел. ***Қауіпсіздік сабағы (10 минут)***		6 сынып Сынып жетекшілер	01.10.26.
2	**Дүниежүзілік азық-түлік күніне арналған ақпараттық-танымдық іс-шараларды өткізу** «Дұрыс тамақтану – денсаулық кепілі» сынып сағаты «Салауатты өмір салты – денсаулық негізі» флэшмоб «Денсаулыққа пайдалы тағамдар» танымдық сағат «Күн тәртібі – денсаулық кепілі» квест - ойын	Қатысушылар мониторингі, ақпарат	Сынып жетекшілер ДТЖО С.Ж.Тусупбаева. Сынып жетекшілер.	1-апта
3	**Шабыт жобасы** ✓ **Дублер күні** ✓ **«Ұстаз – ұлы тұлға»** мерекелік іс-шара. ✓ «Ұстазым, сізге мың алғыс!» челленджі ✓ «Ұстазға тағзым-ұрпаққа өнеге» ардагер ұстаздармен кеші	Әзірлеме.	А.М.Омарова тәлімгер. 11 сынып жетекшісі М.К.Ахметова Сынып жетекшілер. ДТЖО С.Ж.Тусупбаева. Тәлімгер А.М.Омарова	2.10.26. 5.10.26.
4	**«Балалар кітапханасы» жобасы** «Ұлы шығармалар – ұлағат көзі» сынып сағаты ***Қауіпсіздік сабағы (10 минут)*** ***Жолда жүру ережесі (1-4 сынып)*** ***Жол қауіпсіздік ережесі (5-8 сынып)***	Ақпарат, әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшілер	12.10.26.
5	**« 12 айда – 12 кітап» жобасы** «Кітаптан алған тағылым» көрме «Кітап – ұрпақтан ұрпаққа аманат» дөңгелек үстел	Ақпарат, әлеуметтік желіге жариялау	Б.М.Исламбекова	19-23.10.26.
6	**Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы** ✓ «Өзіңді сүй, өмірді сүй» тренинг.10, 10, 9 сынып. ✓ **«Қыз бала ұлттың ұяты, халықтың шырайы» сырласу кеші.** 7-10 сынып аналары.	Ақпарат, әлеуметтік желіге жариялау	Педагог-психолог А.Ғ.Ахмедина Д. Т.Балташева «Инабат »ұйымының жетекшісі	16.10.26. Жоспар бойынша.

7	**«Еңбегі адал – жас өрен» жобасы** **«Күзгі бал-2026 » бағдарламасы құру,жоспарлау,өткізу.**	Ақпарат, әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшілер А.М.Омарова	21.10.26.
8	**Республика күні мерекесі.** ✓ «Қазақстан Республикасының Әнұранын үздік орындау» байқауы. ✓ «Қазақстаным, мен сенімен мақтанамын!» мерекелік концерт. ✓ «Ұлы даланың ұрпағымыз» Мектепішілік пікірсайыс дебат турнирі	Ақпарат, марапаттау	Мектептің өзін-өзі басқару ұйымы. А.Ж.Аяшова 9 сынып жетекшісі. Ж.Б.Мусипова	21.10.26. 23.10.26. 4 апта
9	«Көшбасшы және команда» мектеп Президентінің сайлауы Мектеп Президентін ұлықтау салтанаты	Мектеп парламентінің құрамы, тізімі, ақпарат, әлеуметтік желіге жариялау	А.М.Омарова	Қазан
10	**«Құқықтық сауаттылық – жасөспірімдердің жарқын болашағының айнасы»** ақпараттық –түсіндіру жұмысы	Ақпарат, марапаттау	ДТЖО С.Ж.Тусупбаева. М.Т.Бодықова	**19.10.26.**
Қараша – ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК АЙЫ				
15 қараша – «Ұлттық валюта» теңге күні **16 қараша** – Халықаралық толеранттылық күні **20 қараша-** Дүниежүзілік балалар құқығын қорғау күні				
1	**«SMART BALA» жобасы** «Ой сана алаңы» интеллектуалдық сайыс	Ақпарат, әлеуметтік желіге жариялау	А.А.Альжанова	06.11.26.
2	«Ақсақалдар кеңесі», «Аналар кеңесі» мүшелерін тарта отырып, профилактикалық жұмыстар жүргізу	Ақпарат, әлеуметтік желіге жариялау	ДТЖО С.Ж.Тусупбаева. Н.Ғ.Ахмедина	16-20.11.26.
3	**«Ұлттық валюта – тәуелсіздік нышаны»** викторина .6-7 сынып 16 қараша – Халықаралық толеранттылық күні орай «Бейбіт әлем бейнесі» сынып сағаты	Ақпарат, әлеуметтік желіге жариялау	А.Т.Жүніс Сынып жетекшілер.	13.11.25

4	Дүниежүзілік балалар құқығын қорғау күніне арналған **«Баланың құқықтары мен міндеттері»** апталығының жұмыс жоспарын жасау, бекіту. «Қауіпсіз балалық шақ» тренингтер. **«Бізге аманат...» медиажобасының жоспары бойынша ІІБ ардагерімен кездесу.** Тақырыптық тәрбие сағаты.	Ақпарат, әлеуметтік желіге жариялау	ДТЖО С.Ж.Тусупбаева. Н.Ғ.Ахмедина Педагог-психолог ДТЖО С.Ж.Тусупбаева.	**16-20.11.26.** **21.11.26.**
5	**«Ұшқыр ой алаңы» жобасы** **«Қазақтың 1001 мақал-мәтелі»** жарысы	Фотоесеп	Ж.Б.Мусипова	27.11.2026.
Желтоқсан – БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ				
1 желтоқсан-ЖИТС ке қарсы күн. **5 желтоқсан** – Дүниежүзілік Еріктілер күні **16 желтоқсан** – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні				
1	**1.ЖИТСтің алдын алу. 9-10 сынып** «Есірткісіз болашақ – жарқын болашақ» – дөңгелек үстел «Дені сау ұрпақ – есірткісіз қоғам» сынып сағаты ***Жолда жүру ережесі (1-4 сынып)*** ***Жол қауіпсіздік ережесі (5-8 сынып)***	Ақпарат, әлеуметтік желіге жариялау	А.Е.Райымбекова Сынып жетекшілер	30.11.26. 30.11.26.
2	**«Қамқор» жобасы** «Мейірімді жүрекпен» акциясы	Ақпарат, әлеуметтік желіге жариялау	Қ.Қ.Сеитова	7-11.12.26.
3	**Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігі күніне жоспар құру.** «Тәуелсіз елдің ұрпағымыз» — мерекелік концерт «Ұлытау мұрагерлері» домбырашылар челленджі рух сағаты «Бірлігіміз жарасқан Қазақстан» — достық акциясы «Жетістігімді еліме арнаймын» челлендж «Тәуелсіз Қазақстан – менің Отаным!» сынып сағаты ***Қауіпсіздік сабағы (10 минут)***	Ақпарат, әлеуметтік желіге жариялау	Ж.Б.Мусипова 8 сынып жетекшісі. З.Сламхожа Сынып жетекшілер.	7-15.12.26.
4	**«Бізге аманат...» медиа жобасының жоспары бойынша Еңбек адамымен кездесу.**	Әзірлеме.	А.Т.Жүніс	15.12.25.
5	**Мектепішілік Жаңа жыл мерекесі.**	Ақпарат, әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшілер. 10 сынып	23-25.12.

Қаңтар – ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП АЙЫ				
1	«Сыбайлас жемқорлықсыз болашақ!» сынып сағаты ***Демалыс кезіндегі қауіпсіздік шаралары.***	Ақпарат, әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшілер ДТЖО С.Ж.Тусупбаева.	12.01.27.
2	«Суды үнемде – болашағыңды сақта» тақырыбында эко-челлендж өткізу	Ақпарат, әлеуметтік желіге жариялау	А.М.Омарова	
3	**«Ұшқыр ой алаңы» жобасы** «Өнертапқыштыққа алғашқы қадам» байқауы «Мен және заң» пікірсайыс клубы	Ақпарат, әлеуметтік желіге жариялау	А.А.Альжанова Ж.Б.Мусипова	3-апта
4	«Деструктивті ағымдардың жастарға әсері» ақпараттық түсіндіру жұмысы	Ақпарат	ДТЖО С.Ж.Тусупбаева. Аудандық ББ Ішкі саясат басқармасы Дін істері басқармасы	Кестеге сәйкес тоқсанына 1 рет.
Ақпан – ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ АЙЫ				
14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні **15-ақпан -** Кеңес әскерлерінің Ауғанстан жерінен шығарылған күні. **Ақпанның бірінші сейсенбісі** – Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні				
1	**«Балалар кітапханасы» жобасы** «Кітап – жан азығы» буккроссинг «Шын жүректен кітап сыйла!» челленджі	Ақпарат, әлеуметтік желіге жариялау	Б.М.Исламбекова Сынып жетекшілер	5.02.27.
2.	**«Ауғанстан ақиқаты – ерлік пен елдіктің шежіресі»** Ауған соғысы ардагерлерімен кездесу. «Жас жүректі жалындатқан – Ауғанстан мекені», «Ауғанның отты жылдары: ерлікке тағзым» сынып сағаты	Ақпарат, әлеуметтік желіге жариялау	Б.М.Смаханов Сынып жетекшілер.	12.02.27.
3.	**«Ұшқыр ой алаңы» жобасы** «Жаңа дәуір – жаңа көзқарас» пікірталас «IdeaLab: шығармашылық және инновация» – топтық жұмыс арқылы жаңа жобалар әзірлеуге арналған шығармашылық алаң	Ақпарат, әлеуметтік желіге жариялау	Аудандық (қалалық) ББ Облыстық ББҰ	1-апта
4.	**«Жігіт сұлтаны-2027 »** байқауы.	Әзірлеме	«Жігер» ұлдар ұйымы.	23.02.27.
Наурыз – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ				

1 наурыз – Алғыс айту күні **8 наурыз** – Халықаралық әйелдер күні **21, 22, 23 наурыз** – Наурыз мерекесі **30 наурыз** – Дүниежүзілік Жер күні				
1	**«Жүректен жүрекке – алғыс»** апталығының жоспарын жасау.	Ақпарат, әлеуметтік желіге жариялау	ДТЖО С.Ж.Тусупбаева. А.Е.Райымбекова	1.03.27.
2	«Алғыс айту – ұлт бірлігінің белгісі» сынып сағаты	Жоспар.	Сынып жетекшілер	1.03.27.
3	**«Шабыт» жобасы** **Халықаралық аналар мерекесі** «Аяулы жан, асыл ана» челлендж «Арулар – көктемнің сәні» мерекелік концерт **«Әншуақ» фестивалі** ✓ «Ана деп ән салам» мерекелік іс-шара **Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы**	Ақпарат, әлеуметтік желіге жариялау	ДТЖО С.Ж.Тусупбаева. А.Сағынжан Музыка мұғалімі	1-5.03.27.
4	«Ана – өмірдің нұры, бақыттың тұғыры» сынып сағаты	Жоспар.	Сынып жетекшілер	1-5.03.27.
5	**Наурыз мерекесі** «Наурыз – береке мен бірліктің бастауы» онкүндігі	Онкүндік қорытындысы	ДТЖО С.Ж.Тусупбаева.	8-19.03.27.
6	**Дүниежүзілік Жер күні** ««Жер сағаты» халықаралық акциясын өткізу, жадынама, флаер, бейнематериалдарды тарату	Ақпарат, әлеуметтік желіге жариялау	Қ.Амзина	29-31.03.27.
7	**Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы** Дүниежүзілік туберкулезбен күрес күніне (24 наурыз) орай инфографика мен жадынамаларды тарату «Туберкулез дегеніміз не: себептері, жұғу жолдары, қауіп факторлары. Туберкулездің алдын алу: БЦЖ вакцинациясы, дұрыс тамақтану және иммунитетті нығайту. Гигиена мен санитарлық нормаларды сақтау, медициналық тексерулердің маңыздылығы»	Ақпарат, әлеуметтік желіге жариялау	ДТЖО С.Ж.Тусупбаева. Ш. Копжанова медбике	15.03.27.
Сәуір – ЕҢБЕККОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ				
1 сәуір – Халықаралық құстар күні **2 сәуір** – Халықаралық балалар кітабы күні **7 сәуір** – Дүниежүзілік денсаулық күні				

12 сәуір – Ғылым күні **15 сәуір** – Халықаралық мәдениет күні **18 сәуір** – Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні **23 сәуір** – Ұлттық кітап күні				
1	**«Қамқор» жобасы** **Құстар күні** **«**Құстарға ұя жасап, қамқорлық көрсетейік» челлендж «Құстар біздің досымыз» акциясы «Түлектердің ағаш егу» акциясы «Табиғат аясында кітап оқу» челленджі	Акция қорытындысы	Тәлімгер Қ.Қ.Сеитова Қ.И.Амзина М.К.Ахметова	29-2.04.27.
2	**Халықаралық балалар кітабы күні** «Сиқырлы кітаптар әлемі» буктрейлер	Ақпарат, әлеуметтік желіге жариялау	Б.М.Исламбекова	1-2.04.27.
3	**Дүниежүзілік денсаулық күні** «Салауатты отбасы» **шарасы** **«Спорт – денсаулық кепілі»** мектепішілік –іс шара.	Ақпарат, әлеуметтік желіге жариялау	ДТЖО С.Ж.Тусупбаева. Дене шынықтыру пәні бірлестігі.	1-2.04.27.
4	**«Бізге аманат...» медиажобасының жоспары бойынша атақты ауданымыздың спорт шебері А.Ғалымовпен шағын сұхбат .**	Әзірлеме	ДТЖО С.Ж.Тусупбаева.	1-3.04.26
5	**12 сәуір – Ғылым күні** «Ғылым – ел келешегі» жобалар таныстырылымы	Ақпарат, әлеуметтік желіге жариялау	А.Ж.Аяшова	12-16.04.27.
6	«Қауіпсіз демалыс: жасөспірімдерді интернеттегі қаржылық қақпаннан қалай қорғауға болады ?» , «Вейп бұл сән емес, бұл зиян» дәріс беру сағаты.	Үлестірме материалдар	ДТЖО С.Ж.Тусупбаева.	Сәуір.
Мамыр – БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ				
1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні **7 мамыр** – Отан қорғаушылар күні **9 мамыр** – Ұлы Отан соғысының Жеңіс күні **15 мамыр** – Халықаралық отбасы күні **18 мамыр** – Халықаралық мұражайлар күні 31 мамыр **– Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні**				
1	**Отан қорғаушылар күні** **Жеңіс күні** ✓ «Рухты елдің қайсар ұрпағы» апталығы	Ақпарат, әлеуметтік желіге жариялау	БӘД жетекшісі Б.М.Смаханов	3-7.05.27.

	«Шабыт» жобасы ✓ «Жас сарбаз» әскери-патриоттық «Сапта жүріп ән айту» байқауы.		А.Сағынжан	8.05.26.
2	«Ерлік пен Жеңіс: ұлт рухының ұлы күші» сынып сағаты	Ақпарат, әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшілер	4-8.05.26.
3	**Отбасы күні** ✓ «Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі» шеберлік сыныптар ✓ «Атадан өсиет, анадан қасиет» ата аналарға шеберлік сыныптар ✓ «Жанұя –бақыттың тірегі» өнеге сағаты **«Бізге аманат...» медиажобасының жоспары бойынша үлгілі отбасымен кездесу.**	Ақпарат, әлеуметтік желіге жариялау әзірлеме	Т.А.Жакупбекова. Б.Б.Рысбаев ДТЖО С.Ж.Тусупбаева.	11-15.05.26.
4	10-сынып ер балалары 5-күндік оқу-дала жиыны	Ақпарат, әлеуметтік желіге жариялау	Б.М.Смаханов БӘД жетекшісі .	Мамыр.
5	«Мен және қауіпсіз орта» ақпараттық-түсіндіру жұмысы. Ата-анамен жұмыс.	Қауіпсіздік ережелері, үлестірме материалдар	ДТЖО С.Ж.Тусупбаева.	Мамыр.
6	«Түлектердің ағаш егу» акциясы «Біздің сыныптың бір жылы» іс-шаралары «Мектебім, саған, мың алғыс!» тақырыбындағы мектеп бітіруші түлектердің салтанатты жиыны	Ақпарат, әлеуметтік желіге жариялау	ДТЖО С.Ж.Тусупбаева.	Мамыр.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары : С.Ж.Тусупбаева.

* Ұсынылған жоспарды білім беру ұйымы өңірдің, ұйымның ерекшеліктеріне, білім алушылардың қажеттіліктеріне орай толықтыра алады.
** Ұсынылған жоспарға сәйкес сынып сағаттарының, мектепішілік шаралардың мазмұны, өткізу түрі, орны, әдіс-тәсілдері ұйым ерекшеліктеріне, білім алушылардың қажеттіліктері мен қызығушылықтарына сәйкес білім беру ұйымдары дербес таңдай алады.
***Білім беру ұйымының типін және ерекшелігін ескере отырып, сынып сағаттарын сабақ кестесіне қою және оны жүйелі өткізу ұсынылады.
**** Апта сайынғы әр сынып сағатының соңында немесе басында 10 минут қауіпсіздік сабақтарына және ЖЖЕ мен ЖҚЕ арналады

МҮДДЕЛІ МЕКЕМЕЛЕРМЕН бірлескен жұмыстар бойынша ЕСКЕРТУ

- **ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДЫҢ алдын алу бойынша жергілікті жердегі Төтенше жағдайлар бөліміне хат арқылы шығып, қауіпсіздік сабақтарына қатысуға шақыруға болады**
- Ұлытау облысы бойынша экономикалық тергеп-тексеру департаментінің Ұйымдастыру-бақылау басқармасымен іс-шараларды қауіпсіздік сабақтарына қоюға да болады (әр білім беру ұйымдары жоспарларыңызға енгізесіздер)
- Мүдделі мекемелердің өкілдерімен (жергілікті жердің) бірлескен іс-шараларды қауіпсіздік сабақтарында жоспарлауға болады

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының жобалары аясында іске асырылатын облыстық жобалар

Республикалық жобалар	Облыстық жобалар
Қамқор	Репетитор оқушы
Еңбегі адал - жас өрен	Ұлылар мекеніне саяхат Бізге аманат
Ұшқыр ой алаңы	Педагог-дебатер
Балалар кітапханасы	Дара сынып OQY алаңы
Шабыт	Әндегі балалар әлемі
SMART BALA	

«Дара сынып» облыстық жобасы

Мақсаты: Оқушы бойында ұлттық құндылықтарды дәріптеп, азаматтық-тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру.

Жобаға мектептің 1-11 сынып оқушылары қатысады.

Жобаны ұйымдастыру: мектептегі сыныптарға (әр сыныпқа жеке) бір танымал тұлғаның есімі беріледі, оқу жылында сыныптағы іс-шаралар сол тұлғамен байланысты өтеді.

Сыныптардың атауына байланысты мектепішілік іс-шаралар ұйымдастыруға болады.

Жаңа оқу жылында сынып атауы өзгереді.

Сыныптарға төмендегідей атаулар ұсынылады:

1-сынып: Қазақ батырлары
2-сынып: Билер
3-сынып: Өнер тұлғалары
4-сынып: Қазақтың ақын -жазушылары
5-сынып: Ел намысын қорғаған спортшылар
6-сынып: Қазақ хандары
7-сынып: Алаш арыстары
8-сынып: Физик-математиктер
9-сынып: Химик, биолог және географтар
10-сынып: Қоғам қайраткерлері
11-сынып: Ұлы ойшылдар

«OQY алаңы» жобасы

Кітап - өмір ұстазы.
Кітап оқымай өмірді білу, білім алу мүмкін емес.
Серке Қожамқұлов

Мақсаты: Кітап оқу мәдениетін қалыптастыру.
Міндеттері:

- ✓ Мектеп оқушыларының кітіп оқу белсенділігін дамыту;
- ✓ Оқушылардың оқырмандық мәдени тәрбиесін, көркем әдебиетке, кітапқа деген қызығушылын арттыру;
- ✓ Жас ұрпақтың рухани байлағын дамыту.

Жобаға қатысушылар: оқушылар, студенттер, ата-аналар, педагогтер

Жобаны іске асыру формалары: QR викторина, сторителлинг, театр-экспромт, әдеби кафе, букслэм (BookSlam), поэзиялық кеш, READx, букчеллендж, анимация, арт-галлерея, бейнемазмұндама, т.б.

Жобаны іске асыру циклограммасы:

Мерзімі	Қадамдар
Мектепішілік деңгейде Әрбір сынып (топ, отбасы, ұжым) жылына кемінде 5 кітап оқуы тиіс	
Әр айдың 1 аптасы	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі ұсынған тізбеден кітап таңдау
Әр айдың 2-3 аптасы	Бірлесе оқу (сыныппен, топпен, отбасымен, ұжыммен)
Әр айдың 4 аптасы	Оқыған кітап желісімен жоғарыда ұсынылған форматтарда іс-шара ұйымдастыру
Аудандық (қалалық) деңгейде	
1 -тоқсан	READx
3- тоқсан	Букслэм (BookSlam)
Облыстық деңгейде	
2-тоқсан	Кітапқұмарлар балы
4-тоқсан	«Оқуға құштар отбасы» сайысы

«Ұлылар мекеніне саяхат» жобасы

Мақсаты: Қазақстанның тарихи, киелі жерлерімен танысу, ұлы тұлғалардың туған, өскен ортасы, өмірі мен шығармашылығы жайлы кеңінен мағлұмат беру, экспедициялық шығармашылық зерттеу жұмыстарын іске асыруға ықпал ету.

Міндеттері:

- ✓ танымдық саяхаттар ұйымдастыру;
- ✓ зерттеу жұмыстарымен айналысу;
- ✓ балалар, ата-аналар, мұғалімдердің бірлесе жұмыс жасауына ықпал ету.

Қатысушылар: Ұлытау облысының аудандық (қалалық) білім беру ұйымдарының 5-11 сынып оқушылары, колледж студенттері.

Экспедициялық топтар сыныппен, топпен, ұжыммен, отбасымен жинақталуы мүмкін.

Өткізудің шарттары мен тәртібі:

- ✓ Ұжым тақырыпқа сәйкес ұлы тұлғалардың мекендеріне, тарихи ескерткіштерге экспедициялық маршруттар ұйымдастырады.
- ✓ Экспедициялық ұжым маршрут бойынша бейнетүсірілім, брошюра әзірлеп, басқаларға таныстырады

Бағыттары:

- ✓ «Ұлт ұясы-Ұлытау» маршруты;
- ✓ «Абайдың киелді даласы» маршруты;
- ✓ «Еңсесі биік елорда» маршруты;
- ✓ «Түркістан-рухани астана» маршруты;
- ✓ «Алматы-әсем қала» маршруты;
- ✓ «Асқақ Алатау. Әсем Алматы» маршруты;
- ✓ «Қазыналы Қарағанды» маршруты;
- ✓ «Арқаның асыл алқасы- Баянауыл» маршруты;
- ✓ «Кербез Көкшетау» маршруты;
- ✓ «Рухты өлке-Торғай» маршруты;
- ✓ «Сыр тұнған Сыр елі» маршруты, т.б.
- ✓ Жезді, Қарсақбай, Ұлытау, Алашахан кесенесі, Жошы хан кесенесі, Домбауыл кесенесі, Теректі әулие, Басқамыр қалашығы, Аяққамыр кесенесі, Ақмешіт әулие, Едіге тауы, Хан Ордасы, Шеңбер шатқалы, Болған ана кесенесі, Құлан ана кесенесі, Иманақ тауы;
- ✓ Жезқазған тарихи – археологиялық музейі;
- ✓ М. Төрегелдин атындағы Жезді тау-кен және балқыту ісі тарихы мұражайы;
- ✓ Қ. Сәтбаевтың мұражай-үйі;
- ✓ Жезқазған тарихи археологиялық музейі.

«Бізге аманат...» медиажобасы

Мақсаты: Жетістікке жеткен оқушыларды насихаттау, еңбек адамын үлгі ету және отбасы құндылықтарын дәріптеу.

Міндеттері:

- ✓ Оқушылардың олимпиада, спорт, ғылыми жоба, т.б. жетістіктерін насихаттау;
- ✓ Қарапайым еңбек адамының еңбек жолын таныстыру арқылы үлгі ету;
- ✓ Ұлттық тәрбие құралы ретінде отбасы құндылықтарын арттыру;
- ✓ Оқушылардың, студенттердің және педагогтердің медиа және ақпараттық сауаттылықтарын арттыруға ықпал ету.

Жобаға қатысушылар: 8-11 сынып оқушылары, колледж студенттері және педагогтер.

Жобаны іске асыру үшін облыстық және аудандық (қалалақ) координаторлар тағайындалады.

Облыстық координатор жобаны үйлестіреді. Әр апта сайын жетістікке (спорт, олимпиада, ғылыми жоба, т.б.) жеткен оқушы туралы, мектептегі мұғалім жайында, қарапайым еңбек адамына арналған және бір отбасы туралы подкаст жасау ұсынылады және ол желіде жарияланады.

Тақырыптық подкаст циклограммасы:

Мерзімі	Подкаст қонағы
Әр айдың 1 аптасы	Оқушы
Әр айдың 2 аптасы	Мұғалім

Әр айдың 3 аптасы	Еңбек адамы
Әр айдың 4 аптасы	Отбасы